

		Нысанның БҚСЖ бойынша ко- ды _____ КҰЖЖ бойынша ұйым коды _____
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті		Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы «20» тамыздағы № ҚР ДСМ-84 бұйрығымен бекітілген № 095/е нысанды медициналық құжатта- ма
"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Шығыс Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі		

**Шығыс Қазақстан облысының Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 17 қаңтардағы
№1 қаулысына өзгерістер енгізу туралы
№ 1-1
ҚАУЛЫ**

2022 жылғы 19 қаңтар

Өскемен қаласы

Мен, Шығыс Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Қ.А. Турдиев, **мына құжаттарды:**

Қазақстан Республикасының аумағында коронавирустық инфекцияның пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 2022 жылғы 12 қаңтардағы шешімін;

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Ashyq» жобасын енгізу туралы» 2022 жылғы 13 қаңтардағы № 1 қаулысын;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-293/2020 бұйрығымен бекітілген шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын және пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2021 жылғы 27 мамырдағы № ҚР ДСМ - 47 бұйрығымен бекітілген «Жіті респираторлық вирустық инфекциялар, тұмау және олардың асқынулары (пневмония), менингококк инфекциясы, COVID-19 коронавирустық инфекциясы, желшешек, скарлатина кезінде санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 5 шілдедегі № ҚР ДСМ-78/2020 бұйрығымен бекітілген «Коронавирустық инфекцияның таралу қаупінің пайда болуының алдын алу бойынша

санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын;

Ауыр жіті респираторлық синдром - 2 (SARS-CoV-2) коронавирусынан туындаған коронавирустық инфекциясымен (бұдан әрі - COVID-19) сырқаттанушылық бойынша Шығыс Қазақстан облысындағы, Қазақстан Республикасының басқа облыстарындағы және іргелес мемлекеттердегі санитариялық-эпидемиологиялық ахуал туралы **жедел мәліметтерді қарап,**

Есептік өлшемшарттар негізінде COVID-19 науқастарын емдеуге арналған инфекциялық стационарлардағы төсек қорының (ТҚ) қамтылу пайызы – 10,5%, облыс бойынша инфекцияның репродуктивтік мәні (R) – 2,270 құрағанын **анықтадым.**

Шығыс Қазақстан облысының халқы арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының «дельта» («үнді» B.1.617.2), «альфа» («британдық» B.1.1.7), «бетта» («оңтүстік африкалық» B.1.351), «гамма» («бразилиялық» P.1), «каппа» («үнді» B.1.617.1), «йота» («нью-йорктық»), «ета» («нигериялық»), «омикрон» (оңтүстік-африкалық B.1.1.529), «бақылаудағы нұсқалар» (B.1.640.1 және B.1.640.2) және өзге де штаммдарының әкелінуі мен таралуының алдын алу мақсатында, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасы Кодексінің 38-бабының 1-тармағының 4) және 7) тармақшалары, 2-тармағының 3) тармақшасы, 102, 104 – баптары негізінде, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

«Шығыс Қазақстан облысының халқы арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясымен сырқаттанушылықтың таралуының алдын алу жөніндегі шаралар туралы» Шығыс Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 17 қаңтардағы №1 қаулысына келесідей өзгерістер енгізілсін:

1) Қаулының 1-қосымшасының 31-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

№	Объектілер/салалар **	Қызыл аймақ *****
31.	Жұмыс берушілер (мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, кәсіпорындардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, өзге де ұйымдардың, кәсіпкерлік субъектілерінің, кеңселердің, тіршілікті қамтамасыз ету, қауіпсіздік, құқық тәртібі объектілерін, технологиялық процестің үздіксіз циклі бар кәсіпорындарды қоспағанда) ^{*(сілтемені қараңыз)}	✓ Кемінде 70% – қашықтықтан жұмыс істеу режимі, еңбек заңнамасы талаптарын сақтай отырып, қызметкерлердің COVID-19 коронавирустық инфекциясына қарсы вакцинация алғанына қарамастан. Бірінші кезекте COVID-19-ға қарсы вакцинацияланбаған және соңғы 6 ай ішінде COVID-19-бен ауырмаған қызметкерлер қашықтықтан жұмыс істеу форматына ауыстырылады. 30% – күндізгі режим (COVID-19-ға қарсы вакцинациялаудың толық курсын алған және соңғы 6 ай ішінде COVID-19 ауырып сауыққан қызметкерлер).

2. Қаулының қауіпсіз «жасыл» мәртебе бар болған кезде «Ashyq» жобасына қатысатын әлеуметтік-экономикалық объектілер қызметінің өлшемшарттары 3-қосымшасының 1, 4 және 5 - тармақтары келесі редакцияда жазылсын:

р/с №	Объектілер/салалар **	Жасыл аймақ	Сары аймақ	Қызыл аймақ*****
1	2	3	4	5
1.	Салтанатты, ас беру, отбасылық іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар) өткізу	✓ 50%-ға дейін, бірақ 100 орыннан асырмай толтырған кезде	✓ 50%-ға дейін, бірақ 70 орыннан асырмай толтырған кезде	<u>«Ashyq» жобасына қатысатын объектілерде 30 адамға дейін еске алуды өткізуді қоспағанда, БАҚ шешімімен, ашық ауада да, үй-жайларда да ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН</u> <u>Шешімнің күші жойылғаннан кейін келесі жұмыс режимі қолданылады:</u> ✓ 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай толтырған кезде
4.	Марафондар (ашық ауада)	✓ 1000 адамнан асырмай	✓ 800 адамнан асырмай	<u>ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН (БАҚ шешіміне дейін)</u> <u>Шешімнің күші жойылғаннан кейін келесі жұмыс режимі қолданылады:</u> ✓ 500 адамнан асырмай
5.	Көрермендер қатысатын спорттық іс-шаралар	✓ толтырылуын 80%-дан асырмай	✓ толтырылуын 70%-дан асырмай	<u>ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН (БАҚ шешіміне дейін)</u> <u>Шешімнің күші жойылғаннан кейін келесі жұмыс режимі қолданылады:</u> ✓ толтырылуын 50%-дан асырмай

2. Қаулы меншік нысанына қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

3. Осы қаулы барлық мүдделі ведомстволардың назарына жеткізілсін, халық ресми веб-ресурстар, БАҚ, әлеуметтік желілер және өзге де ақпараттық ресурстар арқылы хабардар етілсін.

5. Осы қаулы **2022 жылдың 20 қаңтарынан бастап** күшіне енеді және ресми түрде күшін жойғанға дейін қолданылады.

M. O.

Шығыс Қазақстан облысының
Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері



Қ. Турдиев

Қаулыны алдым

атқаратын лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), алған күні, қолы